Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша атқарылған жұмыстарды бақылау

Бақылау мақсаты: Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша атқарылған жұмыстарға мониторинг жасау.
Бақылау мерзімі: 04–08 мамыр
Бақылау түрі: Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі: Тексеру
Жауапты : ДТІЖО Сейдуалина А.У

Бақылау барысында тәрбие саласы бойынша жүргізілген жұмыстар қаралды. Атап айтқанда, білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының ұйымдастырылуы, спорттық үйірмелер жұмысы, сынып сағаттарының өткізілуі және қауіпсіздік ережелерінің сақталуы зерделенді.
Тексеру нәтижесінде дене тәрбиесі бағыты бойынша жоспарлы жұмыстардың жүргізілетіні анықталды. Мектепте спорттық жарыстар, денсаулық күндері, таңғы жаттығулар ұйымдастырылған. Сынып жетекшілері тарапынан салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар өткізілген.

- 2026 жылғы 26 қаңтар күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде "Заң және тәртіп" айлығы аясында оқушылар арасында спорттық эстафеталық жарыс өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыру, заң талаптарын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру және оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. **https://www.facebook.com/share/r/174MNKSpii/?mibextid=wwXIf**
- 07.04 күні – Дүниежүзілік денсаулық күніне орайЫнтымақ жалпы білім беретін мектебінде оқушылар арасында эстафеталық жарыс өткізілді.Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу, дене белсенділігін арттыру және спортқа деген қызығушылығын дамыту.Жарыс барысында оқушылар белсенділік танытып, шапшаңдық пен епті́ліктерін көрсетті. Қатысушылар өзара ұйымшылдық пен достық қарым-қатынастың үлгісін көрсетті.Іс-шараны дене шынықтыру пәні мұғалімдері Тукенов Н.С. және Кукенов Е.Н ұйымдастырды."Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ кепілі
https://www.facebook.com/share/r/1KmE5V3x6p/?mibextid=wwXIfr

- 2026 ж20.05 күні «Дені сау таңдау аумағы» атты спорттық жарыс дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Кукенов Е.Н. ұйымдастыруымен бастауыш сыныптар арасында өткізілді.Аталған шараның негізгі мақсаты — салауатты өмір салтын насихаттау, оқушыларды спортқа баулу және денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру болды. Сонымен қатар бұл іс-шараның тәрбиелік мәні ерекше: жастарды нашақорлықтың зиянды әсерінен сақтандыру, есірткі бизнесіне қарсы тұруға бағыт беру және дұрыс өмірлік таңдау жасауға тәрбиелеу.Осындай игі бастамалар жас ұрпақтың саналы, дені сау, рухы мықты болып қалыптасуына зор үлес қосады.
https://www.facebook.com/share/r/18tS3VLj3x/?mibextid=wwXIfr

Жетістіктер :
«Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ ұйымдастырған тоғызқұмалақтан ерлер мен әйелдер арасында өткен Ұлытау облысының жекелей чемпионатында **«классикадан»** III орын алған 9-сын оқушысы Құдайберген Інжу , **«блиц»түрінен III орынмен** 8-сын оқушысы Мырзахан А марапатталды.

«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ» ММ

МАДАҚТАМА

Тоғызқұмалақтан ерлер және әйелдер арасында өткен Ұлытау облысының жекелей чемпионатында

классикадан орын алғаны үшін

спортшысы

МАРАПАТТАЛАДЫ

«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ» ММ

МАДАҚТАМА

Тоғызқұмалақтан ерлер және әйелдер арасында өткен Ұлытау облысының жекелей чемпионатында

БЛИЦТЕН орын алғаны үшін

спортшысы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің ұжымы **Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған** қол күрестен жас жеткіншектер, жасөспірімдер және жастар арасында өткен Ұлытау облысының чемпионатында жүлделі орын иеленген оқушыларымызды шын жүректен құттықтайды!Атап айтқанда:

90+ кг салмақ дәрежесінде II орын алған 11-сынып оқушысы **Урузалимов Р.**

60 кг салмақ дәрежесінде III орын иеленген 10-сынып оқушысы **Төлеген Нұрәли**

50 кг салмақ дәрежесінде II орын алған 9-сынып оқушысы **Сартбай Әлинур**

Сондай-ақ, шәкірттерімізді жеңіске жетелеп, спортқа баулып жүрген жетекшісі — Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі **Төкенов Нұрбек Сартбайұлы.**

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің ұжымы волейболдан **2011–2012 ж.т. ұлдар арасындағы Ұлытау облысының чемпионатында I орын** иеленген 9-сынып ер балаларын және олардың жетекшісі, дене шынықтыру мұғалімі **Тукенов Н.С** ,Сонымен қатар **« Үздік ойыншы» Сартбай Ә.Н**





Ұсыныстар:

1. Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
2. Спорттық іс-шаралардың сапалы ұйымдастырылуын бақылауға алу.
3. Құжаттардың уақытылы әрі талапқа сай рәсімделуін қамтамасыз ету.
4. Білім алушылардың спорттық үйірмелерге қатысу белсенділігін арттыру.

Қорытынды: Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағыты бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар берілді.

Жауапты:ДТІЖО Сейдуалина А.У.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бағытындағы жұмыстардың жүзеге асырылуын бақылау

Бақылау мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңының орындалуын бақылау.
Бақылау мерзімі: 11–15 мамыр
Бақылау түрі: Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі: Құжаттарды зерделеу

Бақылау барысында мекемеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүргізілген іс-шаралар, жоспарлар, нормативтік құжаттар және түсіндіру жұмыстары қаралды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие сағаттары мен іс-шаралардың өткізілу деңгейі зерделенді.
Тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының жасалып, бекітілгені анықталды. Жоспарға сәйкес түсіндіру жұмыстары, тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер және ақпараттық бұрыштардың ұйымдастырылғаны байқалды. Құжаттар талапқа сай жүргізілген..
Өткізілген шаралар :
09.12.2025 ж **9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні**не орай **«Пара берме!»** атты акция–үгіт насихат жұмысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер зияны туралы ақпараттық парақшалар таратып, адалдық қағидаларын насихаттап, белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізді.Бұл игі бастаманы жүзеге асыруға атсалысқан **тәлімгер Шайжан Д.**, сондай-ақ мектептің **өзін-өзі басқару ұйымы** мүшелері оқушыларға үлгі болып, қоғамда әділдік пен адалдықты дәріптеудің маңыздылығын көрсетті. Акцияның мақсаты — жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әділдік құндылықтарын нығайту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты күшейту.Оқушылардың белсенділігі мен жауапкершілігі арнайы атап өтуге тұрарлық.Адалдық — әрқайсымыздың таңдауымыз!
https://www.facebook.com/share/r/1DVcWzKH5Y/?mibextid=wwXIfr

Ұлытау облысы Қоғамдық даму басқармасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» жобасы аясында ұйымдастырылған облыстық «Біз жемқорлыққа қарсымыз» атты балалар арасындағы сурет салу байқауына белсене қатысқан.Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің оқушылары қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Алғыс хат иегерлері: 5-с оқушысы – Зарлық Д.,• 6-с оқушысы – Зарлық Е.• 5-с оқушысы – Арипбек М.7-с оқушысы – Аманкелді Д. Жетекшісі: Әкімжанов М.З

Ынтымақ ЖББМ ұжымы еліміздің болашағы – адал, әділ, жауапты азаматтарды тәрбиелеуге бар күш-жігерін жұмсайды. Мұндай тәрбие жұмыстары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында тұрақты түрде жалғасуда.

2026 жылғы 25 ақпан күні мектеп мұғалімдеріне «Заңсыз ақша жинаудың салдары» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары негізінде заңсыз қаржы жинаудың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкелетіні туралы нақты ақпарат берілді.Түсіндірме жұмыстарын тарих және құқық пәні мұғалімі **Нығмет А.Қ.** жүргіздіСонымен қатар, кейбір іс-шаралардың хаттамалары мен фотоесептерін толықтыру қажеттілігі анықталды. Ақпараттық материалдарды жаңарту жұмыстары жүйелі жүргізуді талап етеді.
https://www.facebook.com/share/r/1G9nfaBfdQ/?mibextid=wwXIfr

2026 ж 26.01 күні 5–9 сынып оқушыларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы диктант жұмысын оқушыларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Тезекбаева А.А, Елеусізова Қ, Таженова Г.М тарапынан арнайы тақырыпта диктант жұмысы алынды.Аталған диктанттың негізгі мақсаты – оқушылардың сыбайлас жемқорлық ұғымы туралы түсінігін кеңейту, адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру, сондай-ақ заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу.
https://www.facebook.com/share/r/1CusqpAnUx/?mibextid=wwXIfr

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы – бірге!" атты бейнероликті мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында арнайы бейнеролик дайындады. Бұл бастама – адалдық, әділдік және жауапкершілік сияқты маңызды құндылықтарды насихаттауға бағытталған.Бейнеролик барысында оқушылар жемқорлықтың қоғамға тигізер кері әсерін түсіндіріп, әр азаматтың оған қарсы тұруы қажет екенін жеткізді.
https://www.facebook.com/share/r/1SnHgwiZ7r/?mibextid=wwXIfr

Ұсыныстар:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыру.
2. Іс-шаралардың құжаттамаларын толық әрі талапқа сай рәсімдеу.
3. Ақпараттық бұрыштар мен көрнекі материалдарды жаңартып отыру.
4. Қызметкерлер мен білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту.

Қорытынды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытындағы жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде. Анықталған кемшіліктер бойынша жауаптыларға тиісті тапсырмалар берілді.

Жауаптылар: Сейдуалина А.У.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша «Жігер» ұлдар ұйымының атқарылған жұмыстарының орындалу барысын бақылау

Бақылау мақсаты: Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын бақылау.
Бақылау мерзімі: 18–22 мамыр
Бақылау түрі: Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі: Құжаттарды тексеру
Жауапты : «Жігер» ұлдар ұйымының жетекшісі: Әлкенов С.Б

Бақылау барысында «Жігер» ұлдар ұйымының іс-шара жоспары негізінде атқарылған жұмыстары қаралды. Ұйымның құқықбұзушылықтың алдын алу, тәртіп мәдениетін қалыптастыру, ұл балалардың жауапкершілігін арттыру бағытында жүргізген іс-шаралары зерделенді.
Тексеру нәтижесінде жоспарға сәйкес түрлі тәрбиелік кездесулер, әңгіме сағаттары, спорттық жарыстар және профилактикалық жұмыстардың ұйымдастырылғаны анықталды. Ұйым мүшелері мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысқаны байқалды. Құжаттар жүйелі түрде жинақталған.

- 2025 жылғы 16 қазанда Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде ер балаларға арналған **"Жігер" клубының кезекті отырысы** өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды өмірлік қиындықтарға төтеп бере алатын, табанды әрі рухани мықты тұлға ретінде тәрбиелеу, сондай-ақ салауатты өмір салтына баулу болды.Клуб отырысы барысында **Жумабаев Е.У.** *"Қиындықта мойымаймын"* тақырыбында бейнематериал ұсынып, қатысушыларға өмірлік қиындықтармен күресу, табандылық пен шыдамдылық таныту жолдарын түсіндірді. Отырыстың келесі бөлімінде **мектептің медициналық қызметкері Жапабаев Б.С.** қатысушылармен **ішімдік, нашақорлық және зиянды әдеттердің алдын алу** бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді. Ол бейнероликтер арқылы зиянды әдеттердің ағзаға және психикалық денсаулыққа тигізетін әсерлері туралы баяндады.
https://www.facebook.com/share/r/19g1JaJacM/?mibextid=wwXIfr

2026 жылғы 21 сәуір күні Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 26-32-55.56 хатын басшылыққа ала отырып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Аталған іс-шараға мектеп әкімшілігімен қатар құқық қорғау органдарының өкілдері – ЮПТ УПИ полиция майоры Д.М. Кутумова және УПИ полиция аға лейтенанты С. Картаев қатысып, мұғалімдер,оқушылар мен ата-аналарға қауіпсіздік шаралары жөнінде кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Кездесу барысында көктем-жаз мезгіліндегі қауіп-қатерлер, су айдындарындағы қауіпсіздік, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, қоғамдық орындардағы тәртіп, құқық бұзушылықтың алдын алу(буллинг,дроппер,алкоголизм, түнде жүру, жол көлік қауіпсіздігі), сондай-ақ төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі түсіндірілді. Сонымен қатар, «111» және «112» жедел қызмет нөмірлері туралы ақпарат беріліп, балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау бойынша маңызды ұсыныстар айтылды.Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады.
https://www.facebook.com/share/r/18uPV34CWN/?mibextid=wwXIfr

Сәуір айында 5–11 сынып оқушыларына дәріс беру және зерттеу жұмыстары жүргізілді. «Қауіпсіз демалыс: интернеттегі қаржылық қақпаннан қорғану» ,«Вейп – сән емес, зиян» «Құмар ойындар: лудомания».Оқушыларға интернет алаяқтық, вейптің зияны және ойын тәуелділігінің алдын алу жолдары түсіндірілді. Медаға:Жапабаев Б.С, Әлеуметтік педагог:Жакупбекова А.Ж Педагог-психолог:Әлмағанбетова А.Қ
https://www.instagram.com/reel/DXZE3TKEn_O/?igsh=MW1xOWUxdWcwNGt2ag

Сонымен қатар, кейбір іс-шаралардың фотоесептері мен хаттамаларын толықтыру қажеттілігі анықталды. Ұйым жұмысының қорытынды талдауларын жүйелі жүргізу ұсынылды.

Ұсыныстар:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде жүргізу.
2. Іс-шаралардың құжаттамаларын талапқа сай толықтыру.
3. Ұйым мүшелерінің белсенділігін арттыру мақсатында жаңа форматтағы іс-шаралар ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыстарды күшейту.

Қорытынды: «Жігер» ұлдар ұйымының жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде.
Анықталған кемшіліктер бойынша жауаптыларға тиісті ұсыныстар берілді.
Орындаған: ДТІЖО Сейдуалина А.У,әскери жетекші Әлкенов С.Б.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша 2025 -2026 о.ж
жолда жүру ережесінің оқытылуының барысын бақылау

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау тақырыбы: оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімін қалыптастыру
Бақылау объектісі:жол тәртібі ережесінің жоспары
Бақылау түрі:тақырыптық
Бақылау әдісі:тексеру
Орындау мерзімі: 18-22.05.2025 ж
Жауапты:ДТІЖО Сейдуалина А.У
Қайда қаралады: директорлық кеңес

Ынтымақ ЖББМ –де балалардың жол-көлік оқиғаларыннң жарақаттануының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы №125 бұйрық 04.09.2025 ж шыққан.
2025-2026 оқу жылындағы білім беру ұйымынының балаларды тасымалдауы жөніндегі әдістемелік ұсынымдарымен танысу өткізіліп, мұғалімдер танысқаны жөніндегі қолы қойылды

Жолда жүру ережесі:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы№ 348 бұйрығына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

1. Нормативтік-құқықтық негіз
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу жөніндегі жұмыстар **04.09.2025 ж. №125 бұйрық** негізінде ұйымдастырылған.
Мұғалімдер мен сынып жетекшілер **2025–2026 оқу жылына арналған "Білім беру ұйымының балаларды тасымалдауы жөніндегі әдістемелік ұсынымдарымен"** танысқан, бұл туралы қатысушылардың қолы қойылған хаттама толтырылған.**29.08.2025ж** құқық пәні мұғалімі аталған әдістемелік ұсынымдарды және **«Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру алгоритмін»** педагогикалық кеңесте таныстырып өтті.

2. Бағдарламаның мазмұны мен жүзеге асырылуы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 2 тамыздағы №348 бұйрығына** сәйкес,«Жолда жүру ережелері» оқу курсы:

- **1–4 сыныптарда** – әр сыныпта **6 сағаттан**;
- **5–8 сыныптарда** – сынып сағаттары мен сыныптан тыс уақытта **10 сағат көлемінде** жүргізіледі.

Сынып жетекшілер жылдық тәрбие жоспарына жолда жүру ережесіне арналған тақырыптар мен мерзімдерді енгізген. Сабақтар сынып сағаты есебінен және қосымша үйірме түрінде өткізіліп отыр.

3.Сынып жетекшілер жоспарды толық орындап отыр;

- Сабақтар мен сынып сағаттары барысында оқушылар жол белгілерін, қауіпсіз өтпе жолдарды, қозғалыс ережелерін тәжірибелік түрде меңгерген;
- Көрнекілік материалдар, бейнероликтер және презентациялар қолданылған;
- Оқушылардың жолда өзін-өзі ұстау мәдениеті мен қауіпсіздік дағдылары қалыптасқан;
- Мектеп ауласында және маңында «Жол белгілерінің бұрышы» безендірілген, тақырыптық ақпараттар жаңартылып отырады.
- 2026 жылғы 12 мамыр күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі базасында 6–8 сынып оқушылары арасында "Жас жол инспекторы" слеті өткізілді.Слеттің негізгі мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы ережелерін насихаттау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жасөспірімдердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу болды. Сонымен қатар, оқушылардың жауапкершілігін арттырып, құқықтық сауаттылығын дамыту көзделді.

Іс-шара барысында қатысушылар түрлі кезеңдер бойынша өз білімдері мен шеберліктерін көрсетті. Оқушылар жол белгілерін тану, қауіпсіздік ережелерін сақтау және практикалық тапсырмалар орындау бойынша белсенділік танытты.
Слет соңында белсенді қатысып, үздік нәтиже көрсеткен оқушылар марапатталып, алғыс хаттар мен дипломдарға ие болды.Үздік шыққан сынып аудандық жарысқа жолдама алды.
https://www.facebook.com/share/r/1H6Lc5svci/?mibextid=wwXIfr
2026 жылдың 20 мамыр күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушылары аудандық "Жас жол инспекторы" слетіне қатысып, жүлделі III орынды иеленді.Аталған слеттің мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы ережелерін насихаттау, жолдағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және

жасөспірімдердің жауапкершілігін арттыру болды. Слет барысында оқушылар жол белгілерін танып білу, жолда дұрыс жүру ережелері, алғашқы көмек көрсету және жол қауіпсіздігін сақтау бағыттары бойынша өз білімдері мен шеберліктерін көрсетті. Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мен қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде насихат жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын дәлелдей білді.Оқушыларды жарысқа дайындаған жетекшісі Мұқашева Айсұлу
https://www.facebook.com/share/r/19vvyS2zoD/?mibextid=wwXIfr



Қорытынды:

Бақылау нәтижесінде Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде оқушылардың жолда жүру ережелері туралы білімін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды. Жол-көлік жарақаттарының алдын алу бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар талапқа сай рәсімделген. Сынып жетекшілері «Жолда жүру ережелері» оқу курсын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №348 бұйрығына сәйкес жоспарлап, толық көлемде жүзеге асыруда.Оқу-тәрбие үдерісінде жол қауіпсіздігіне қатысты сынып сағаттары, түсіндіру жұмыстары, практикалық тапсырмалар, танымдық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып келеді. «Жас жол инспекторы» слеті жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылардың жол қозғалысы ережелері бойынша білімдері мен дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Аудандық кезеңде мектеп оқушыларының жүлделі III орын иеленуі жүргізілген жұмыстың нәтижелілігін көрсетті.Жалпы алғанда, мектепте оқушылардың жолда жүру мәдениетін қалыптастыру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған.

Ұсыныстар:

1. Оқушылар арасында жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.
2. Сынып сағаттарында жол қауіпсіздігі бойынша тәжірибелік және интерактивті әдістерді кеңінен қолдану.
3. Ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, балалардың жолдағы қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігін арттыру.
4. «Жас жол инспекторы» жасағының жұмысын жандандырып, аудандық және облыстық деңгейдегі іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.
5. Мектеп аумағындағы және оған жақын орналасқан жол қауіпсіздігіне қатысты көрнекі ақпараттарды тұрақты жаңартып отыру.
6. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен кездесулер мен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Басқарушылық шешім: Жолда жүру ережелерін оқыту және насихаттау жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстап, жоспарланған іс-шаралардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету.

Орындаған: ДТІЖО Сейдуалина А.У

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша «Дос болайық» бағдарламасының жылдық қорытынды нәтижелерін сараптау және тиімді тәжірибелерді жинақтау

Бақылау мақсаты: Бағдарлама бойынша жылдық жұмысты қорытындылау, оң тәжірибелерді тарату.
Бақылау мерзімі: 25–29 мамыр
Бақылау түрі: Қорытынды бақылау
Бақылау әдісі: Талдау, жинақтау, ұсыныстар дайындау
Бақылау барысында «Дос болайық» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізілді. Педагогтар, сынып жетекшілері және оқушылар тарапынан жүзеге асырылған іс-шаралар мен тәрбиелік жұмыстардың нәтижелері сарапталды.
19.01 күні Ынтыма жалпы білім беретін мектебінде 1–11 сынып оқушылары үшін «Досболайық» бағдарламасы аясында және **«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы бойынша сынып сағаты өткізілді. Сабаққа қосымша **10 минуттық қауіпсіздік сабағы** енгізілді.**«Досболайық» бағдарламасы бойынша** оқушылар арасында **достық, ынтымақтастық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған тәрбие жұмыстары болды.**Мақсаты – **оқушылар арасындағы сенім мен сыйластықты қалыптастыру, жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге үйрету, зорлық-зомбылық пен агрессиядан аулақ болуға тәрбиелеу**. Бағдарлама аясында өткізілетін іс-шараларға **топтық ойындар, пікірталас, рөлдік сценарийлік ойындар, тақырыптық сабақтар** кіреді. Осы шаралар оқушыларға **өз эмоцияларын басқаруға, жанжалды шешуге, достарына құрметпен қарауға** үйретеді.
https://www.facebook.com/share/r/1DoAeTvY51/?mibextid=wwXIfr
https://www.facebook.com/share/17gdrDNRcF/?mibextid=wwXIfr
20 сәуір күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде «Дос болайық!» буллингке қарсы бағдарламасы аясында сынып сағаты өткізілді. Аталған іс-шара барысында 1–11 сынып оқушыларына арналған арнайы бағдарлама негізінде түрлі тақырыптар қамтылып, оқушылармен жүйелі жұмыстар жүргізілді.4-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылар жыл бойы атқарған жұмыстарының нәтижесін көрсетіп, өз жобаларын дайындап, қорғады. Ұсынылған жұмыстар қатарында сайттар, макеттер, плакаттар, суреттер және басқа да шығармашылық өнімдер болды.Бұл іс-шара оқушылардың бір-біріне деген құрметін арттырып, достық қарым-қатынасты нығайтуға, сондай-ақ буллингтің алдын алуға бағытталды.
https://www.facebook.com/share/r/18dwKdm5S6/?mibextid=wwXIfr
27 сәуір күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде 1–11 сынып оқушылары арасында «Жобаларды қорғау» бағыты бойынша іс-шара өткізілді.
Аталған іс-шара «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты КеАҚ бастамасымен ұйымдастырылған «ДосболLIKE: біз бәріміз теңбіз» атты республикалық челлендж аясында өтті. Шараның мақсаты – білім алушылар арасында буллингтің алдын алу, өзара құрмет, достық және ынтымақтастық құндылықтарын нығайту.Іс-шараға барлық 1-11-сынып жетекшілері белсенді қатысып, оқушылар өз жобаларын қорғап, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін көрсетті. Жобаларды қорғау барысында білім алушылар өз ойларын еркін жеткізіп, бірлескен жұмыс жасау, жауапкершілік пен өзара қолдау дағдыларын дамытты.Бұл жұмыс қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға, оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды.Осындай маңызды шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады!

Бөлім	**Көрсеткіш / Жұмыс түрі**	
1. Құжаттық сүйемелдеу	Бағдарламаны енгізу жөніндегі бұйрық: № 117күні 04.09.2025 ж (көшірмесі тіркеледі)	
Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жүргізілген нақты жұмыстар		**Саны (көрсету)**
2. Жобалық қызмет және қатысушылар	Білім беру ұйымындағы сыныптар/топтар және оқушылардың саны	11 сынып,100 оқушы
	«ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша жобалық қызметке қатысып отырған оқушылар саны	100
	Жоба бойынша сыныптан тыс іс-шаралар	10-15

3. Жүргізілген іс-шаралар	«ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар	44
	Ата-аналарға арналған семинарлар	3
	Кіші қызметкерлерге арналған семинарлар	1
	Педагогтерге арналған семинарлар	1
4. Жәбірлеу бойынша тіркелген жағдай	Анықталған жәбірлеу жағдайлары (барлығы)	жоқ
	Қайталанған жағдайлар	жоқ
5. Буллингке қарсы команданың жұмысы	Өткізілген орыстар (Отырыстар хаттамасының көшірмелері тіркеледі)	
6. ББ ұйымындағы әлеуметтік-психологиялық климат	Мектептегі/колледждегі әлеуметтік-психологиялық климатта оң өзгеріс бар ма?	Иә,жақсы

Талдау нәтижесінде бағдарлама аясында оқушылар арасында достық, сыйластық, өзара көмек көрсету және жағымды қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені анықталды. Сынып сағаттары, тренингтер, тимбилдинг ойындары, психологиялық акциялар және түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылған.
Сынып жетекшілері тарапынан тиімді тәжірибелер көрсетіліп, оқушылардың белсенділігі байқалды. Бағдарлама жұмыстары бойынша фотоесептер, жоспарлар мен қорытынды материалдар жинақталған.Сонымен қатар, кейбір сыныптарда іс-шаралардың қорытынды талдауларын толықтыру қажеттілігі анықталды. Оң тәжірибелерді мектеп көлемінде кеңінен тарату ұсынылды.

Ұсыныстар:

1. «Дос болайық» бағдарламасы аясындағы тиімді тәжірибелерді жинақтап, тарату.
2. Сынып жетекшілерінің тәжірибе алмасу жұмыстарын күшейту.
3. Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту бағытындағы іс-шараларды жалғастыру.
4. Құжаттардың талапқа сай жүргізілуін бақылауға алу.

Қорытынды: «Дос болайық» бағдарламасы бойынша жылдық жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде орындалған. Бағдарлама өз мақсатына сәйкес оң нәтижелер көрсеткен.

Орындаған ДТІЖО: Сейдуалина А.У.

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастырылуын бақылау турады анықтама

Тақырыбы: Оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастырылуын бақылау
Бақылау мақсаты: Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың сыртқы және мектепішілік лагерлермен қамтамасыз етілуін анықтау.
Бақылау объектісі: Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың материалдық жағдайы және жазғы демалыспен қамтылуы.
Бақылаудың түрі: Жан-жақты бақылау.
Бақылау әдісі: Құжаттар жинау, талдау.
Орындау мерзімі: 25–29 мамыр.
Жауапты тұлға: ДТІЖО Сейдуалина А.У.
Қарау орны: ДЖО.
Бақылау барысында әлеуметтік мәртебеге ие оқушылар туралы мәліметтер жинақталып, олардың материалдық жағдайы мен жазғы демалысты ұйымдастыру деңгейі зерделенді. 2026 жылғы 11–22 мамыр аралығында білім беру ұйымдарында «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында бірыңғай жеке қауіпсіздік сабақтарын өткізу ұсынылды. Әдістемелік ұсынымдарды «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты әзірледі.Осыған орай,13.05 күні ЫНТЫМАҚ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНДЕ 1-4,5-8,10–11 сынып білім алушыларына арналған қауіпсіздік сабақтары өткізілді.1,2-сабақ барысында оқушыларға жаз мезгіліндегі қауіп факторлары және төтенше жағдайларда қауіпсіз әрекет ету дағдылары түсіндірілді.2-сабақта цифрлық ортадағы және қоғамдық орындардағы қауіпсіз мінез-құлық пен жеке деректерді қорғау мәселелері талқыланды. Оқушыларға әлеуметтік желілердегі қауіптер, жалған аккаунттар, интернет алаяқтық, жеке мәліметтерді қорғау және қоғамдық орындардағы құқықтық жауапкершілік туралы түсіндірілді.
https://www.facebook.com/share/r/1H6Lc5svci/?mibextid=wwXIfr
https://www.facebook.com/share/v/1LjR5QDTSx/?mibextid=wwXIfr
https://www.facebook.com/share/r/19V5UrscJh/?mibextid=wwXIfr
Құжаттар талданып, оқушылардың лагерьлерге қатысу мүмкіндіктері қарастырылды.
1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес бірқатар тәрбиелік, танымдық және спорттық шаралар ұйымдастырылды.
Іс-шаралардың негізгі мақсаты – балалардың құқықтарын қорғау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды.
Жоспар аясында «Бала үні» бағыты бойынша ауыл әкімі Н.Ғ. Әбдіковпен және мектеп директоры Тезекбаева А.А сұхбаттар өткізіліп, оқушылар өз ой-пікірлерін білдірді. «Бақытты балалық шақ» концерттік бағдарламасы, «Шаттық велошеруі», «Толағай» отбасылық спорттық ойындары, «Балалық шақ бояулары» атты асфальтқа сурет салу байқауы ұйымдастырылды.
Сонымен қатар ауыл кітапханасы мен мұражайына саяхат жасалып, «Дос болайық бәріміз» қарым-қатынас тренингі, «Тілек білезігі» шығармашылық шеберлік сабағы және «Таза қол» акциясы өткізілді.Өткізілген іс-шаралар балалардың белсенділігін арттырып, достық қарым-қатынасты нығайтуға, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізді. Барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылардың қызығушылығын тудырды.Іс-шаралардың негізгі мақсаты – балалардың құқықтарын қорғау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды.

Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1-11 сынып жетекшілері түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында оқушыларға жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтау, велосипед пен самокатты қауіпсіз жүргізу, жолда телефон ұстамау, ашық терезелерге жақындамау, суға шомылу тәртібін сақтау туралы айтылды. Сонымен қатар бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, интернет желісінде бөгде адамдарға жеке мәліметтерді бермеу, жазғы лагерьдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде түсіндірме берілді. Кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта жалғыз жүрмеуі ескертілді.Ата-аналарға жинеалыстар өткізілді.
Нәтижесінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың тізімі нақтыланып, олардың жазғы кезеңде мектеп жанындағы бейіндік сауықтыру лагерлерімен қамтылуы қамтамасыз етілгені анықталды. Ата-аналармен және сынып жетекшілерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:
Бақылау нәтижесінде әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілгені анықталды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың тізімі нақтыланып, олардың мектеп жанындағы бейіндік сауықтыру лагерлерімен қамтылуы қамтамасыз етілді. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша бірыңғай қауіпсіздік сабақтары, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары өткізілді. Сонымен қатар 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған тәрбиелік, спорттық және мәдени-көпшілік іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуіне, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасалды. Ата-аналар мен сынып жетекшілері тарапынан түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Ұсыныс:

1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жазғы демалыспен және сауықтыру шараларымен толық қамтылуын тұрақты бақылауда ұстау.
2. Жазғы кезеңде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.
3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейтіп, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларды жүйелі өткізу.
4. Жазғы лагерьлер мен демалыс алаңдарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу.
5. Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру.

Орындаған : ДТІЖО Сейдуалина А.У